


Тарихи тұрғыдан ең алғашқысы және көп дәлелденгені «гидридтік» механизм болып табылады. Гидридтік механизм бойынша процестің бастапқы кезеңінде ортааралық интермедиат – гидридтік метал-комплекстің түзілетіндігі, мысалы, транс HPdXL_2 (7), болжамдалған. Механизмді келесідей сұлба түрінде көрсетуге болады:



Бастапқы гидридтік комплекс (7) бастапқы комплекстік (6) жүйеде бар протондар донорларымен (ROH , NHal және т.б.) әрекеттесу нәтижесінде түзіледі. Айналулар тізбегі (а-д сатылары) лигандтық алмасу (а,б және г) және ендіру (в және д) реакцияларының тізбегі болып табылады. Соңғы сатыда (е) ацилдік комплекстің (9) алкоголизі жүріп, реакция өнімі түзіледі және сонымен бірге гидридтік комплекс (7) регенерацияланады. Бұл механизмдегі маңызды нәрсе аралық бастапқы алкилді (8) және ацилді (9) комплекстерінің түзілуі болып табылады.

мұндағы, X - аниондық лиганд (Cl^- және т.б.), L - бейтарап лиганд (PPh_3 және т.б.).